



«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспары» мен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасы» негізінде 2023-2024 оку жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру үйымы Нұра жалпы білім беретін мектебі

Топ «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардын жасы: 2 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: Карапта айы, 2023-2024 оқу жылы.

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар.</p> <p>Тепе-тендік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сзықтармен шектелген (еңі 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге); тұру, қолдарын жоғары көтеру, тұсу; заттардан (біктігі 10-15 сантиметр): құрсаудан құрсауга аттап өту; тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрган (отырған) адамға қолындағы заттарды беріп, онға-солға бұрылу. Алға және екі жаққа еңкею.</p> <p>Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұгу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және тұсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру.</p> <p>Қимылды ойындар.</p> <p>Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p>Спорттық жаттығулар.</p> <p>Велосипед тебу: үш деңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз тұсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.</p>

	<p>көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.</p> <p>Дербес қымыл белсенділігі.</p> <p>Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қымыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қымылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</p> <p>Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сұрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</p> <p>Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза аудада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.</p>
Сөйлеуді дамыту.	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.</p> <p>Сөздік қорды қалыптастыру.</p> <p>Еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (куану, күлу, ренжү) білдіретін етістіктермен;</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы.</p> <p>Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тындауға, қарапайым сұрактарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрлым құрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Қашан әкелді?) сұрактарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.</p>
Көркем әдебиет	Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрnekіліксіз көркем шыгарманы тындау.
Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигуralарды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигуralарды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыш материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыштың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
Сурет салу	Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-

		түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сзығтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.
	Мұсіндеу	Мұсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.
	Жапсыру	Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бұктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.
	Музыка	Музыка тындау. Баяу және көтерінкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажыратада білу. Ән айту. Әнді жеке және топпен айтада, әуенде интонациямен және ыргакты дұрыс жеткізу. Музыкалық-ыргактық қимылдар. Қарапайым би қимылдарын орындауда: қолдың біллектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу.
	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.	Заттарды және олармен әрекеттерді атада, оларды суреттерден тануда. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір обьектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшени екіншісіне қою) орындауга баулу